

Б.ӘБЖЕТ

«ЖЕТІ ҚАҒАН» ЖЫРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Автор в статье делает научный анализ композиции, сюжета и событиям эпоса «Жеті қаған» – удивительного национального эпоса, дающего сведения об исторических фактах создания казахского ханства Кереем и Жанибеком.

Bu makalede, Kerey ve Janibek'in Hazak Hanlığı'nın temelini attığı bir dönemdeki tarihi kaynaklardan haberdar eden halkımızın önemli eserlerinden biri olan Yedi Kağan destanının konusu ve maceraları etraflıca analiz edilmiştir.

Қазақтың өз алдына ел болып, жеке шаңырақ көтерген кезі яғни, Керей мен Жәнібек ханның қазақ хандығын құрып, тарих сахнасына алып шыққан тұсындағы тарихи деректерден хабар беретін халқымыздың ғажап туындысының бірі – «Жеті қаған» дастаны. 1993 жылы Қытайдағы Шыңжаң халық баспасынан жарық көрді. Кітаптың көлемі 564 бет, дастанның жалпы ұзындығы он төрт мың жолдай болады. Жырлаушысы қырғыз манасшысы Жүсіп Мамай деген кісі. Жыршы Жүсіп Мамай кітаптың алдыңғы бетіне бұл дастанның қазақ халқының төл туындысы екендігін куәландырып былай деп жазыпты: «Жеті қағанның аты-жөні, жері және оның қазақтікі екеніне оқыған материалым, оны жазып қалдырған Қылып Молданың айтуы һәм жазуы бойынша куәлік жазамын».

Жыр оқиғасы шиеленісті, сюжеті басқа қазақтың батырлық жырларындағыдай елін сыртқы жаудан қорғап, қауіп төндірген сыртқы жаумен соғысуға ғана құрылмаған. Жырдағы негізгі шиеленісті оқиғасы патша тоқалының аярлығы, көлденең жүрісін жасыру жолында бірді-бірге айдап салу салдарынан тұтанған үш патшалық арасындағы соғысты баяндауға арналады. Патшаның тоқалының аярлығынан жапа шеккен басты кейіпкермен арадағы оқиға жырдың негізгі арқауына айналады. Хан сарайы ішінде болып жатқан оқиғалар желісіне қарап новеллалық дастан жанрына да жатқызуға болар еді, алайда жырдың басты арманы тек әйелдің аярлығын көрсетуге құрылмаған. Жырдың негізгі міндеті қазақ халқының жеке ел болып ұйысуы мен өз алдына отау құрған кездегі оның патшасы болған Қызыл Арыстан мен оның ұрпағы жайлы болмақ. Жырдың композициясы қаһармандық эпосқа құрылған. Түктабан ерекше жағдайда дүниеге келеді. Түктабанның шешесі су алмақ болып өзенге барғанда басы қара, аяғы малдың тұяғы секілді аша аяқты денесін екі елдей түк басқан адамға ұқсаған бір мақұлық келіншекті көре сала төрт аяқтап пашқылап тұра қуады. Келіншекті сөзге келтірмей жығып салып зорлап тастайды. Күйеуі Құнт өз шаруаларымен тоғайда жүргенде әлгі түкті адам келіп келіншегінің қасына қонып кетіп жүреді. Әйелінің өңі қашып, ішкен-жегенін құсып түсі сарғайып, азып бара жатқанын білген соң не болғанын сұрайды. Әйел болған жәйтті жылап отырып айтып береді. Әйелі оны келген кезде қазық қағып, арқан байлап ұстап алып өлтірмесе басқалай өлтірудің қиын екенін айтады. Күйеуі

ауылдың мықты жігітін жанына алып андиды, әдетінше әйелге жақындасуға келген мақұлық әйелінің үстіне шыға берген уақытта оның мойнына білдірмей арқанның ұшын салып, күйеуіне жөтеліп бергі береді, солай етіп мақұлықтың мойнына арқан салып қылғындырып өлтіреді. Болған жайтты елге келген Ансары деген араб саудагерге айтып берген Құнт теріні көрсетіп оны сатып алуын өтінеді. Сонда саудагер Ансары былай дейді:

Ансары сонда сөйлейді,
Алыстан қозғап тербейді,
Бұл ақ тарғыл тұқымы
Адамзаттан деп айтад.
Аңыз айтқан елдерден,
Әр тараптан келгеннен
Мен ұққамын көп елден.
Шежіреден тыңдаған.
Шешендерден сұрағам.
Сен тастаған теріні,
«Ақкөрпе жайыл» дейді екен,
Елден елге таралған,
Даналардың кебі екен
Ақ тарғылдың терісі
Ханға жарайд тартуға.
Қай дүнием жетеді
Мұны сатып алуға.
Сақтап қойсаң қолыңа,
Қағандық келер ұлыңа.
Сөзің тағы біткен жоқ,
Есіңде ме Құнт аға,
Түктабан деп ат қойдың,
Туылғанда ұлыңа.
Арыстан деп ел айтса,
Қайран қалам бұныңа?! [1, 19].

Осылайша болашақ батыр ерекше жағдайда дүниеге келеді. Қаһармандық эпостарға тән ғажайып жағдайда дүниеге келу, оның келешекте қаған болатындығы алдын ала мәлім болады. Бұл жырдағы ерекше бір оқиға бұрынғы батырлық жырларда мүлдем кездеспейтін «Ақжайыл көрпе» атты тылсым мақұлықтың айтылуы. Оның терісін үйде сақтап қойса, онда қағандық қолына келеді екен. Киелі тотемдер бөрі, ит, жылан, өгіз сияқты аңдардың көмегі арқасында хандыққа жету сияқты ұғымдар көне эпостар мен ертегілерде бұрыннан бар. Бұл персонаждың шығу тарихын әлі де зерттей түсу керек. Батыр қиял-ғажайып ертегілердегідей тез ер жетеді. Сол тұста Самарқанды билеп тұрған Қарғаң деген ханның Жезмаңдай атты сұлу тоқалы Қоженттің ханы Миан ханға қылығымен жағыш екі арада әйел үшін егес туып, арты кескілескен пайқасқа ұласады. Арада болған екі пайқаста

Б.Әбжет. «Жеті Қаған» жырының құрылымдық ерекшеліктері.

Қожент қолы басым түседі. Самарқан ханы сасқаннан былай деп жарлық шығарады:

Қожентте Миан хан,
Күннен-күнге күшейіш,
Келе жатыр беріге.
Тірі тұрсам Миан ханға,
Жезмаңдайды бергенше,
Хандығымды қалдырам.
Самарқандық еліме,
Хан тағымды тапсырам,
Миан ханды кім жеңсе!

Ел ішінен суырылып ешкім шыға қоймайды. Сол кезде он жеті жастағы Тұқтабан ортаға шығып Қоженттің ханы Мианды жеңіп беретінін айтады. Соғысқа бір ай бойы дайындық жүргізіп Самарқанның елу мың қолымен бірге соғысқа Тұқтабан да аттанады. Қартаң хан Тұқтабанды менсінбей оған астына мінерге ат та бермейді. Батыр оған намыстанбайды, екі жақ майданға шыққанда жекпе-жекке Тұқтабан жаяу шығады. Қоженттің ең атақты Дәуітбай батыр бастаған он бір батырымен жекпе-жекке шығып барлығын жеңеді. Өсіп тұрған шынар ағашын түбірімен жұлып алған батыр Қожент қолына жалғыз шабуыл жасап, алты жүзден астам әскерін қырып салады. Осылайша Қожент қолын кері шегінуге мәжбүр етеді. Қартаң хан Тұқтабанды Самарқанға қонаққа шақырып оған Арыстан деген ат береді. Батыр демалып жатқанда Жезмаңдай келіп оны қолға түсірудің айла-шарғысын жасап бағады. Алайда Тұқтабан әйелдің сайқалдығына жирене қарайды:

Осы жалғыз Жезмаңдай
Іріткі болған екі елге.
Мұндай сайқал қатынның
Жанына жақын келем бе.
Өзім бала жас тұрып
Кексе әйелдің қойнына
Деп ойлады енем бе!

Осындай ойға бекіген ол әйелді қанша алдап сытылып кетейін десе де аяр қатын қойныма жатпасаң сенбеймін деп қыспаққа алады. Хан алдына барған соң өзіне ұсынған тақ пен тәжден бас тартып аулына қайтып кетеді. Тұқтабанды әке-шешесімен хан ордасына алдырмақ болған ханды алдап, өзі жолға шығады. Сарайда жас жігітті уысына түсіре алмаған Жезмаңдай күймеге отырып Тұқтабанды ауылына іздеп барады. Арам ойын жүзеге асыруды ойлаған Жезмаңдай әрнені сылтауратып Құнттың үйінде қонып қалады. Түнде ұйықтап жатқан батырдың үстіне кіріп барып қанша жақындасқысы келгенімен, батыр маңайына жуытпай қояды. Ойындағысы жүзеге аспаған соң долданып ашумен кеткен Жезмаңдай оны ханға жамандап, зынданға салғызады.

Қазақтың батырлық жырларында кездесе бермейтін хан сарайы ішіндегі өзара тартыстар, көбіне отырықшы халықтардың прозалық жанрларында ұшырасып отыратын патша әйелдерінің арасындағы күндестік, сарай қызметкерлерінің бірін-бірі аңдып аяқтан шалу, жала мен өсек-аяң сияқты драмалық көріністер дастанның негізгі оқиғасына айналады. Жырда ханның шарасыздығы мен болып жатқан сарай ішіндегі өзара қырқыстарды шешуге келгенде дәрменсіздік танытуы, істің ақ-қарасын тану үшін күнмен де жақындасуға дейін баратын патшаның пендешілігі, психологиялық толғаныстары мен романға сәйкес әртүрлі типтегі кейіпкерлердің образдары сарай ішіндегі оқиғаны суреттеу барысында жақсы ашылып отырады. Хан өз әйелі Жезмаңдайдың сырын білу үшін Айдың атты күнді қойнына алып жатады. Жырда ханның күнмен жатуға мәжбүр болуын былайша шебер суреттейді:

«Қатты-қатты сұрасам
 Қорқып айтқан сөзіне
 Өтірік те кіреді.
 Бір амалын табайын
 Рас сөзін алайын»
 Деген ойға келді де
 Бері тартты Айдыңды
 Құшағына алады.
 Құшаққа кірген Айдыңжан,
 Қуаныштан шыдамай
 Жасырғанның барлығын
 Ханға айтып салады.
 Ұғып болып Қартаң хан,
 Талай ойға кетеді:
 «Қамап қойсам әйелді,
 Қамадың деп неліктен
 Маған сұрау келеді.
 Жезмаңдайды өлтірсем
 Бадақшан менен Балықтан
 Қалың әскер келеді».

Жырда ханның осындай кейпі мен кейде батырдың аяр қатын алдындағы папшасыз күйлері шынайы суреттеледі, тұрмыста кездесіп жататын осындай жәйттерді баяндағанда оқиға барысы реалистік сипат алып отырады.

«Жеті қаған» жырында баяндалатын оқиға желісіне қарап отырып оның тарихи жырға жақын келетіндігін көреміз. «Қырымның қырық батыры», «Қобыланды батыр», «Алшамыс» сияқты жырлар ындыс, қызылбас, қалмақ сияқты сыртқы жаумен күресуге арналған болса, «Жеті қаған» жырында сырттан төніп тұрған қатерлі жау бейнеленбейді. Жырдың тарихилығы сонда соғыстың басталуына не себеп болғандығы және ұлт пен ұлттың арасындағы

Б.Әбжет. «Жеті Қаған» жырының құрылымдық ерекшеліктері.

соғыс емес, бір хан мен екінші ханның арасында орын алған жеке мүдделер және азғындыққа барған ханның тоқалы мен көрші елдің ханы арасындағы көлденең жүрістер момын халықтың мойнына жүк болғандығы айқын көрініс табады. Жезмаңдайдың аярлығының салдары Қожент елімен арадағы соғысқа ұласады. Арсыз әйелдің лаңынан Самарқанд халқы Қожентті жеңген соң Балық, Бадақшан, Бұқарамен соғысады. Халық соғыстан титықтайды. Жезмаңдайдың ылаңы барған сайын ұлғая түседі. Өз күйеуінен қашқан Жезмаңдай бәйбіше мен Айдыңды бауыздап кетеді, елге бүлік салады:

Қартаң ханды бас қылып,
Түктабанды жас қылып,
Уәзірдің, бегіңмен,
Иісі үйсін еліңмен,
Ендігі көрер күніңді
Қараң қылам бәріңді. – дейді.

Жезмаңдай Балықтағы төркініне қарай қашады. Екі елдің ұшығуынан қорыққан Қартаң хан Балықтағы қайын атасы Мамыр Қалпаға Арыстан мен Молдаярды елшілікке жібереді. Арыстан келіп Мамыр ханға кейінгі уақытта Самарқанда болған оқиғаның бірін қалдырмай айтып береді. Мамыр бәйбішесін шақырып алып, одан қызының қашан келгендігін сұрайды. Шешесі қызының келгендігін, бірақ әкесіне кірмей Самарқаннан елшілер келген жағдайда алдымен солармен сөйлесіп, сосын баратындығын айтқанын хабарлайды. Құлығына құрық бойламайтын Жезмаңдай бұл жолы әкесімен қоса Арыстанды да алдап соғады. Елшілерді оңаша жерге кіргізіп алған соң бұрынғы әдетінше Арыстанға жабыса кетеді. Ар мен абырой таразыға түсіп, өмір мен өлім арасында қалған батыр өз намысы жолында өлуге бар екенін білдіреді. Асыла берген әйелді итеріп құлатады, шешіліп қалған дамбалына қарамастан арсыз әйел ойбай салып сарайды басына көтереді. Қасындағы жандайшаптары Көккөтен мен Сетерқан елшінің ойы жаман екен деген сөз таратады. Сол арада біреуі патшаға барып былай деп жамандайды:

Самарқаннан келгендер
Қас екен жат қулықты.
Абырой сақтап қызыңыз
Сырын шапшай жүріпті.
Өзіңіз көрген Арыстан
Жау екен келген алыстан.
Ханымды мақұл келтіріп,
Қартаң ханды өлтіріп,
Самарқанға ие боп,
Жүрем деген ойы бар
Көзі құрғыр тар екен.
Адал деп оны өзіне
Жезмаңдайдың сөзіне
Сенбеген Қартаң ханыңыз

Кінәсі да бар екен.
Намысына пыдамай
Қапқан екен қызыңыз.
Ұят санап айтуды,
Көрісе алмай жүздесіп,
Жатқан екен қызыңыз.

Істің ақ-қарасын тексермей жатып Мамыр Қалша еліне жарлық шапшып, Самарқанға қарсы соғысқа аттандырады. Артынан келе жатқан қалың шаңды көріп Мамыр ханның қалың әскерімен қаймықпай жалғыз соғысады. Балықтан шыққан әскердің Арыстанды жеңуге шамасы келмейді, Мамыр Қалша Бадақшандағы Есен Тұрап ханнан көмек сұрайды. Бадақшан қолын бастап келген батырлар жекпе-жекке шығып барлығы Арыстаннан жеңіліс табады. Бұхар ханы Балтыр хан да қайын атасына көмекке келеді. Үш ханның қолы да жеңіске жетпегенін көрген Жезмаңдай сіңлісі Ақмаңдайға жалғыз қызынды Рим патшасына тоқалдыққа бер, содан әскер алдырайық деп үгіттейді. Оған көнбеген сіңлісі мен күйеу баласына у беріп өлтіреді. Осылайша өзінің сіңлісін де пімірікпестен өлімге қиған Жезмаңдай Бұхараның қазынасын тонап, Миан ханмен Қожентге қарай қапшады. Жолда Қартаң хан ізіне түсіп Жезмаңдайды атып өлтіреді, Миан хан Қартаңды өлтіреді. Қартаң өлген соң Арыстан Самарқандтың ханы болады. Арыстанның бар арманы қазақ жұртын Алатаудың баурайына көшіруді аңсап өтеді. Балтыр ханның жалғыз қызы Құбақай сұлуға үйленеді. Ол әйелінен бала болмаған соң кейін басқа әйел алады да одан бір бала дүниеге келеді:

Оның қалған ұрпағын
«Жеті қаған» атады.
Құбақайдан бала жоқ.
Бір қатын кейін тағы алды.
Одан туған баладан
Қатам деген ат қалды.
Әкенің көзі өткенде
Ие больш тақты алды.
Парсының тілі күш алды,
Парсының үрдіс – салтымен
Мәлік Қатам атанды.

Жырдың соңында Арыстанның кейінгі ұрпақтарын қысқаша баяндап өтеді.

Жырдың жалпы сұлбасы осылай баяндалады, енді оның кейбір тарихи оқиғалармен қатыстылығын және қазақ фольклорынан алатын орнын баяндап өтелік. Жырдың оқиғасы Алтын Орда тараған соң, Орта Азия жеріндегі хандықтар арасында болып өткен XV-XVII ғасырлардағы соғыстарды еске түсіреді. Алтын Орда ыдырап, жекелеген хандықтар бөлініп шыға бастаған кезде темуридтер, кейінірек шайбанидтер Орта Азияда билік басына келеді. Аптарханидтер, Астрахан маңынан келген маңғыттардың

Б.Әбжет. «Жеті Қаған» жырының құрылымдық ерекшеліктері.

Бұхара жеріне билік жүргізгендігі тарихтан белгілі. Осы ноғайлы хандығынан келіп Бұхараны басқарған хандар ішінде Қызыл Арыстан деген хан болғандығы жайлы қазақ аңыздарында айтылады. «Жеті қаған» жыры бұрын қазақ арасында айтылған, кейін ол туралы аңыз ел жадында кейінгі кезге дейін сақталғандығын байқаймыз. Енді сол ұзақ аңызға орын беріп көрейік:

«Қазақтың XII-XIII ғасырдағы тарихынан мағлұмат беретін аңыздардың бірі – «Майқы би». Майқы туралы аңыздардың бірі мынау: қырық сан Қырым, отыз сан Үрім, он сан оймауыт, тоғыз сан торғауыт, он сан ноғай бөлінгенде Орманбет би өліп, Ноғайлы елі бір үріккен ала тайдан жау келіп қалған екен деп үрейленіп бүліншіті.

Сол заманда Қобан, Қоғам және Майқы есімді ағайынды үш кісі болады. Майқы тоғыз ханды қолдан таққа отырғызған кісі екен. Бұқара шаһарына Қырымнан келген қырық ханның бірі – Қызыл Арыстанның үлкен әйелінен ұл бала болмай, хан аяқ салған бір тұтқын қыздан ұл туады, ұлдың денесі сауысқандай ала болады. Бәйбішесі қызғаныштықпен ханға: «Мұны балам деп ойлама, көзін құрт, өйтпесең, түбінде бұл ержеткен соң еліңді ала тайдай бүлдіреді» дейді. Қызыл Арыстан бәйбішесінің сөзіне азып әскерлерінен қырық жігіт бөліп, олардың басшысынан «мына баланы тапқан шешесімен Сырдариядан әрі өткізіп тастаңдар, өлсе өлер, өлмесе өз бетімен күн көрер. Зихар шешесі де, бала да бұл елге қайтып келмейтін болсын, өздеріңе де бостандық», – дейді.

Қырық жігіт Сырдан өтіп, бала есейгенше Қаратау мен Алатау өңірінде аң аулап күнелтеді де, бала он екі жасқа келгенде бір жерге әкеп тастап кетеді. Балаға аң аулап жүрген Майқы бидің баласы Үйсін кез болады. Үйсін далада көргенін әкесіне айтып келеді:

– Бір ағаштың түбінде отырған бала көрдім, ай десе аузы, күн десе көзі бар, көрген кісі қызығыш бір қасық сумен жұтып жібергендей. Жалғыз-ақ айыбы – тілі жоқ екен, – дейді Үйсін әкесіне. Майқы аяғы ақсақ, өмір бойы аяқ арбамен жүретін және арбасын адамға жетектететін кісі екен.

– Балаға мені апарыңдар, мен тілдесіп көрейін, – дейді Майқы. Үйсінге ілеспеген, тіпті сөйлеспеген бала Майқыны көргеннен-ақ орнынан ұшып тұрып:

– Ассалаумағалейкум, хан біткеннің қазығы, бұқара жүрттың азығы! – деп оған сәлем береді.

– Уағалейкуміссалам, балам. Әменде аман бол! Өзің болайын деп тұрған ұл екенсің. Кел, арбаға мін! – деп баланы Майқы қасына отырғызып үйіне алып кетеді.

Орған жілік ұстатып өкіл бала қылады, жорға бие сойып жоғарғы елді шақырып ұлан-асыр той жасайды. Бала ержеткен соң «ердің ері, егеудің сынығы» деп қасына өз баласы Үйсін бастаған жүз жігіт қосып беріп жолға аттандырады. – Қаратаудан асып әрі қарай жүре беріңдер, алдарыңнан Ұлытау, Кішітау деген таулар, Қаракенгір, Сарыкенгір деген өзендер

кездеседі. Сол жерлерге барып аң аулап, ірге теуіп орнығындар, ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен ел-жұрт болуды ойлаңдар. Күндердің күнінде осы бала хан болады, сендер қарашы боласыңдар. «Хан ақылды, әділ болса, қарашысы ынтымақты, батыл болса, қара жерден су ағызып, кеме жүргізеді», –деп Майқы бата береді.

Жүз жігіт Қаратаудан асып, Шу, Сарысу өзендерінен өтіп Майқының айтқан жерлеріне жетеді. Ұйқы бұзып жылқы алады, күйме бұзып қыз алады... Сөйтіп ел-жұрт бола бастайды, дабысы Қызыл Арыстан ханға жетеді.

– Менің баламды қасына жігіт-желең ергіп желіктіріп жібергені қалай? Менен қалағанын алып баламды өзіме қайтарсын! – деп хан Майқы биге кісі салады.

– Сендер барып келіңдер, – деп Майқы бірінші жүз жігіттің артынан Қобанұлы Болатқожа бастаған екінші жүз жігіт жібереді. Бірақ бұлар қайтпай сонда қалып қояды.

Қызыл Арыстан «баламды қайтарсын» деп мазалай берген соң Майқы Қоғамұлы Алшынды басшы етіп үшінші жүз жігіт жібереді, жігіттерге басшы болсын деп қастарына он бір қария қосып береді. Бірақ бұлар да қайтпайды. Сөйтіп, Майқы би үйінде жатып-ақ үлкен іс бітіреді, Қазақ хандығының негізін салады.

Үш жүз жігіт алыстан мал алып, қалыңсыз қатын алып өсіп-өніп көбейген соң «ел-жұрт болғанымызды танытамыз» деп баяғы Қызыл Арыстанның баласын алашаға отырғызып, Ұлытаудың басында хан көтереді, атын Алаша хан қояды.

Алаша хан ақылды адам болады. Ұлытауға алғаш Үйсін бастап келген жүзді «Ұлы жүз – Үйсін» деп атайды. «Олардың міндеті – салықшы (жабдықтаушы) бұлар жауға шапшасын, артта тас-түйін болып (дайын) тұрсын» дейді хан. Ұлы жүздің ұраны «Бақтияр» болып белгіленеді. Болатқожа бастап келген ортаңшы жүзді «Орта жүз – Ақжол» (Болатқожаның лақап аты) деп атайды. Орта жүз тосқауылшы, ортада, ханның қасында жүрсін дейді. Орта жүздің ұраны «Ақжол» болып белгіленеді.

Соңғы келген Алшын бастаған жүзді «Кіші жүз – Алшын» деп атайды. Кіші жүз алда жүрсін, жауға алдымен шабатын болсын дейді. Кіші жүздің ұраны «Алдияр» болып белгіленеді.

Сөйтіп, аңыз Майқы биді, оның әлеуметтік қызметін қазақ халқының қалыптасуымен, алғашқы бір хандығының құрылуымен байланыстырады. Аңызда Майқы бидің тарихи еңбегі тағы да былай көрсетіледі: «Бетпақ шөлде «Таңбалы Нұра» деген жер бар. Сол таңбаларды да салдырған Майқы, онда үш жүз руларының таңбалары түгел қапалған. Қазақ руларының таңбаларына талас туса, сол тастан қарап ажырататын болған».

Сонсың, аңызда «Алаша ханның тамы (ғимараты) Қаракенгірдің бойында, өзеннің батыс жағында, күйдірген қыштан соғылған, ханның өзінен нәсіл-тұқым жоқ» делінген.

Абай Құнанбаев өзінің «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны

туралы» дейтін қара сөзінде былай дейді: «...он екі рудан он екі кісі Манғұлдың өз заңы бойынша «Хан» деген үлкен биіктің басында ақ киізге Шыңғысты отырғызып хан көтерген дейді... Сол он екі кісінің бірі қазақтан Майқы би деген кісі екен. «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» деген мақал болған, Майқы сол кісі екен».

Моңғол жылнамасы «Алтын тошпы» мен парсы тарихшысы Рашид ад-Диннің «Жамағат тарихында» да Майқы би Шыңғысханның ақылшысы, кейде хан жорыққа кеткенде орнына қалдыратын сенімді биі болғандығы айтылады. Сонымен бірге ол кейін Жошы хан әскерінің оң қанатын, атап айтқанда, Дешті қышпақ ұлысын басқарған.

Майқы бидің қазақ хандығын құрған қайраткер ретінде сипатталуының қисыны бар. Өйткені жоғарыдағы деректерге қарағанда мемлекеттік және әскери құрылысты жетік білетін ол Алтын орда ыдырай бастаған кезде әскери үлгімен қазақ хандығын қайта құруы табиғи және тарихи қажеттіліктен туған еді.

Сонсын, айнала шөлмен қоршалған, қуатты да пашқыншы халықтардан шалғай, алпақ және оқпау жатқан, жері от, суы мол Ұлытаудың және Қаракендір, Сарыкендір өзендерінің жағрафиялық жағдайы да жаңадан хандық құруға қолайлы екендігін Майқы би жақсы білсе керек. Өйткені Жошы әскерінің Майқы бастаған оң қанатындағы қышпақтардың негізгі бекініс-мекені шамамен, осы Ұлытау маңы болған.

Шыңғыс ханның пашқыншылары Сырдария мен Қаратау өлкелеріндегі қазақ қалалары мен қыстақтарын қиратып, гүлжазира егістіктері мен бау-бақшаларын таштап ыдырап кеткен елді – хандықты жаңадан, қайтадан құрастыру үшін Майқы би алдымен жүз адамнан жіберіп, оларды бірте-бірте «қайтару» сылтауымен толықтыруы, арасынан хан тұқымынан Алапаны хан көтергіш, әр жүздің міндетін, ұранын және жүзге кіретін қазақ руларының таңбаларын белгілеп беруі – Майқыны кемеңгер адам етіп көрсетеді.

Майқы – шамамен XII-XIII ғасырларда өмір сүрген адам. Ол жайындағы аңыз-әңгімелер, оның атымен байланысты істер мен сөздер ұлы уақиғалардың жаңғырығы, сілемі ғана. Майқының алғашқы аттандырған жүз жігітке айтатын: «Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен ел-жұрт болуды ойлаңдар...», «хан ақылды, әділ болса, қарашысы ынтымақты әрі батыл болса – қара жерден су ағызып кеме жүргізеді» дейтін өсиеттері кезінде елінің, халқының қамын, болашағын ойлаған қайраткер болғандығын аңғартады[2, 107-110].

Бұл аңызды оқи отырып «Жеті қаған» жырымен ортақ байланыстар бар екендігін байқауға болады. Алдымен аңыздағы Қызыл Арыстан жырдағы Арыстан патшамен ұқсас. Жырда Арыстанды Қызыл Арыстан деп те атайды. Екеуінде де бөйбішеден бала болмайды, кейінгі әйелден ұлды болады. Екеуінде де Алатау баурайына апарып ел жайлату идеясы көтеріледі. Қазақтың түпкі мекені сол жер болатындығы айтылады. Жырда Арыстанның арманы былайша суреттеледі:

Алатаудың ар жағы,
 Қабал деген жер дейді,
 Адамы аз, кең дейді.
 Қабалдың шығыс жағында
 Жерінің аты Көктөбе,
 Біреу емес, көп төбе.
 Теріскей соның бетінде,
 Сусыз шөлдің шетінде,
 Мекен еткен сол жерді
 Ұлы жүз үйсін ел дейді.
 Алты мың атты түгелмен,
 Ер-тұрманын сыпырып,
 Өзіңменен бесеуің
 Айдап барып бер – дейді,
 Ұлы жүз үйсін атаңның,
 Қонысын құтты көр, – дейді.
 Алты мың тұлшар алдыңда
 Айдап түгел бар, – дейді,
 Келіп қалдық мұнда деп,
 Керей атын ал, – дейді.
 Жаңадан қонсы ел келсе,
 Ерекше туған сыйлы бір,
 Ілікпіз деп түбі бір,
 «Керей келді» дейді екен,
 Бұрынғыдан келе жатқан,
 Аталардың кебі екен.
 Қара керей осыдан,
 Сары керей моңғолдан,
 Қазақтарға паналап,
 Көшіп келген ол дейді.
 Қазақтың найман руын,
 «Орда иесі» сол дейді.

Жырдың соңында үйсін жұрты Алатау жаққа бет алып көшеді де Алматы жерін өзіне мекен етіп орнығып қалады. Жырда айтылатын «Керей келді» деген сөз бар. Бұл әлі де зерттеуді қажет етеді. Қазақ хандығы өз алдына мемлекет болып құрылған тұста оның алғашқы ханы Керей болғандығы белгілі. Керей қазақ хандығының керегесін көтеріп, өзі он жылдай хан болған делінеді (1464-1473). Керей ханның тұсында көпшелі өзбек ханы Әбілқайыр өлген соң өзбек ұлысынан бөлініп, екі жүз мыңдай халық қазаққа көшіп келген. Керей ханға келіп қосылған ру-тайпалар «керей келді» деп аталған болса керек. Қазақ хандығын құраған үш жүздің рулары өздерін «керей елі» деп атағанға ұқсайды. Бұл атау бертінге дейін ел жадында сақталып қалған. Абылай ханның тұсында арғын мен керей рулары арасында

Б.Әбжет. «Жеті Қаған» жырының құрылымдық ерекшеліктері.

болған барымта кезінде керейдің адамын арғындар өлтіреді. Сол кезде бөлініп кетпек болған керейлерге Бұқар жырау былай дейді:

Керей, қайда барасың,
Сырдың бойын көбелеп?!
Сен қашсаң да, мен қойман,
Арғымағым жебелеп...
Ақмырзамды өлтірдің
Ақ сойылмен төбелеп.
Уа, сен танымай кетіп барамысың?
Мен Арғын деген арыспын,
Азуы кере қарыспын.
Сен бұзау терісі - шөншіксің,
Мен өгіз терісі - талыспын.
Абылай алдында сен бітсең,
Құдандалы таныспын.
Абылай алдында сен бітпесең,
Атасын білмес алыспын...
Ауызыңнан ас кетер,
Қара көзден жас кетер,
Бұл қылығың қоймасаң,
Сонау кеудедегі
Дулығадай бас кетер... [3]

Мұндағы «Керей қайда барасың?» деген жолдар бұрынғы «керей келді» деген сөзді еске салады. Қазақ хандығына біріккен рулар кейін бөлініп басқа хандыққа кетпеген. Барлығы бір шаңырақтың иесі, бір үйдің баласы деп есептелген. Жыр қазақ халқының өз алдына шаңырақ көтере бастаған кезеңін жырлауға арналғандықтан, Орта Азия жерінде құрылған өзбек ұлысы мен моғол, қазақ хандары арасындағы тарихи оқиғалар желісін арқау еткен секілді. Керей ханның қазақ халқын өз алдына ұлт ретінде ұйыстыруға сіңірген еңбегін М.Мағауин де жоғары бағалайды: «Қазақ халқының құралуында шешуші маңызы болған оқиға – осы Керей, Жәнібек хандардың Өзбек ұлысынан бөлінуі еді. Алайда ешбір халық бір күнде құрала салмаған. Өйткені қандай да болмасын жаңа бір халықтың құралуы аса күрделі процесс. Қазақтарға жаңа рулардың қосылуы бұдан соңғы жылдарда да жүріп жатты. Қазақ халқының құралу дәуірі халқымыздың санасында, сонымен бірге әдебиетімізде үлкен із қалдырғанын көреміз» [4, 16].

Жырда басты кейіпкерге қатысты кейбір оқиғалар Жалаңтөс аңызына ұқсап кетеді. «Жалаңтөс он бес – он алты жасында-ақ батырлығымен де, қолбасшылығымен төңірегіндегілерді таңқалдырады. Алғашында шағын, кейін үлкен жасақтарды басқарған ол қандай жағдайда да жеңіске жетіп отырады. Оның өз ғұмырында сол кездегі Орта Азия төңірегінде алмаған

әскери лауазымы қалмаған-ды. Тіпті сол кезде жүз жылда ілуде біреуге берілетін Орталық Азиядағы «Аталық» лауазымына қазақ арасынан алғаш ие болған Жалаңтөс еді» [5, 158].

Оқиға желісі Самарқанд жерінде өтетіндіктен сол дәуірде Самарқанды билеген қазақ батырларының іс-әрекетінен де хабар береді, ХҮІІ ғасырдағы Самарқан әмірі болған Жалаңтөс баһадүр жайлы кейбір аңыздар да жырдағы Арыстан бойынан қылаң береді, жалпы эпостағы оқиға мен сюжетті нақты тарихи оқиғамен салыстыруға келмейді, жырдағы батырдың образы да бұрыннан фольклорда жинақталған, жиынтық образдан алынады. Эпостағы кеңістік тұрасында профессор Ш.Ыбыраев былай дейді: «Эпостың дені оқиғалардан, сюжеттік арқауы кейіпкерлердің іс-әрекетінен, мазмұны сол оқиғалар мен әрекеттерді нақтылы әлеуметтік дәйектемелермен толтырудан тұрады. Оқиға да, әрекет те белгілі бір уақыт пен кеңістікте өтеді. Ал олардың алмасуына, бір-біріне қатысты жүйеге түсуіне әлеуметтік жағдай себешші, яғни уақыттың өтуі, кеңістіктің ауысуы өз өзінен емес (реалды уақытқа қарап емес), оқиғаның, іс-әрекеттің әлеуметтік мән-маңызына бағындырылған. Тұтастай алғанда эпостағы уақыт пен кеңістікте шарттылық бар. Ол шарттылық осылардың көркемдік қызмет атқаруымен жалғасып жатыр» [6, 107].

Жырдың сюжеті қазақ халқының жеке мемлекет құрып жатқан кезеңіне байланысты болғандықтан ондағы оқиғалар сол дәуірлерді қамтиды. Қазақ хандығының құрылуына байланысты дүниеге келген мұндай ғажап жыр бұрынғы жырлар ішінде кездеспейді.

«Жеті қаған» жырындағы тағы бір айтып кететін жаңалық мұнда жекпе-жек кезінде бұрынғы батырлар қолданылған, кейін ұмыт болған қоян-қолтық ұрыстың жақсы сақталып қалуы деуге болады. Бұхардан келген балуан Жалалтай Арыстанмен жекпе-жекке шыққанда батырды жеңу үшін көбіне аяқпен төбелесу өнерін жақсы меңгергендігі былайша суреттеледі:

Білегі сынып Жалалтай,
 Ауырсынды, бүгілді.
 Жауына бірақ көнбеді,
 Өнері оның қолынан,
 Аяғында көп еді.
 Атылып ағаш басына,
 Маймылдай жылдам өрледі,
 Оның мынау өнері,
 Таң қалдырды көп елді.
 Зақшы тастай зуылдап,
 Арыстан сынды батырды,
 Жүрек тұстан тебеді,
 Арыстан сонда жығылды,
 Қолы да жерге ілінді,

Белі де біраз бүгілді.
Тұңғыш мәрте тұйықсыз,
Жау алдында сүрінді.
Мына бір сәтті көргенде
Не боп кетер екен деп,
Самарқан жағы қызынды,
Қайраты қату жас батыр,
Ел көңілін ұғынды.
Бойын билеп едемге,
Жауына қайта жүгірді.
Және шықты Жалалтай,
Арыстанға ұстатпай,
Екі аяғын жұптады.
Ілетін бүркіт секілді,
Арыстанның алдынан,
Аспандап келіп шүйілді.
Лапын құстай жалт беріп,
Теуіп кетті бүйірді.
Бала батыр Арыстан,
Жалалтайдан тепкі жең,
Орнынан тұрды ентелеп.
Орнынан батыр тұрғанша,
Басыменен бір сүзді,
Жалалтай келіп бұқаша.

Қоян-қолтық ұрыста қол мен аяқты бірдей жұмсап өз ептілігімен талай жауын жер жастандырған батырларымыз болған. Бұл жырда кездесетін осындай жауынгерлік өнерді оқи отырып, кезінде қазақта да төл әскери өнерінің дамығандығы, шығыс жекпе-жегіне ұқсас соғысқа машықтанудың бір түрі болғандығын көреміз.

«Жеті қаған» жырын оқып отырғанда қазақтың ескі жәдігерлері мен ұмыт қалған көне сөздері де жиі ұшырасып отырады. Соның бірі «өбшүр» сөзі. Кезінде жас балаға сүт емізу үшін сиырдың мүйізінен жасалатын емізік. Қазіргі кезде бұл сөз қолданылмайды, дегенмен қолданысқа енгізуге болатын сияқты. Сол сияқты орыспада «рогатка» деп айтылатын тас атқыш құралдың атауы да қазіргі кезде ортамызда кездеспейді. «Жеті қаған» жырында апа таяққа байланған жіпке кішкене тас салып ататын қарудың атын «салмауыр» деп атағанын көреміз. Салпауыр деп те атауға болады. Сонымен қатар қазіргі кезде қолданылатын «стакан», «рюмка» секілді параш ішетін ыдыс-аяқты кезінде қазақтар «көкір» деп атағандығын көреміз.

Жалпы бұл жырдың ортамызға оралуы қазақтың ұмыт қалған көптеген жәдігерлерінің орнын толтыратын асыл қазынамыз болды деп айтуымызға толық негіз бар. «Жеті қаған» жырының композициясы, сюжеті мен ондағы оқиғалар әлі де терең зерттеуді қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жеті қаған. Шыңжан халық баспасы. 1993. - 565 бет.
2. Қазақ фольклорының типологиясы. Түркістан: «Тұран» баспасы, 2009. – 376. -бет.
3. www.adebiet.kz сайтынан алынды
4. Мағауин М. Қобыз сарыны. Алматы: Мектеп, 2003. – 192.-бет.
5. Әйтеке би. Алматы: Атамұра, 1998. – 224 б. 158-бет.
6. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. Алматы: Ғылым, 1993. – 296. 107-бет.

REZUME

В.АВЗХЕТ (Turkistan)

FEATURES OF THE STRUCTURE OF THE EPIC "ZHETY HAGAN"

The author of the article makes a scientific analysis of the composition, the plot and events of the epic "Jeti Hagan" - amazing national epic, which gives information about the historical facts of the creation of the Kazakh Khanate Repeater and Zhanibek.